

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Қамқоршылық кеңес отырысының №3-хаттамасы**

Қайрат ауылы
Қатысты: 8
Қатыспады: 3

«17» наурыз 2026 жыл

Күн тәртібі

1. Наурызнаманы мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу.
2. МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру. «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу.
3. Мектеп жасына дейінгі балалар және ата-аналармен бірге «Эко-десант» ұйымдастыру.
4. МДҰ-да «Кітап оқуды» ұйымдастыру және өткізу, топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау.

Тыңдалды: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жиналыс төрағасы сөз сөйлеп, Наурыз мерекесінің тәрбиелік маңызына тоқталды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, балалардың салт-дәстүрге деген қызығушылығын арттыру мақсатында Наурыз мерекесін жоғары деңгейде өткізу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар мерекелік іс-шара барысында ұлттық ойындар ұйымдастыру, балалардың қатысуымен концерттік бағдарлама өткізу, ата-аналармен бірлескен көрмелер ұйымдастыру ұсынылды. Әр топта ұлттық нақыштағы безендіру жұмыстары жүргізіліп, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы түсіндірме жұмыстары өткізілетіні айтылды.

Тәрбиешілер мерекелік сценарийлер дайындау, балаларға тақпақтар мен әндер үйрету, ұлттық киім үлгілерін әзірлеу бойынша ұсыныстарын білдірді.

Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйым аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары туралы шаруашылық меңгерушісі А.Кыстаубаева сөз алды. Балалардың қауіпсіз әрі таза ортада тәрбиеленуі үшін ұйым аумағын көркейту жұмыстарының маңыздылығы атап өтілді. Жиналыс барысында сенбілік ұйымдастыру, ағаш көшеттерін отырғызу, гүлзарларды ретке келтіру, ойын алаңдарын тазалау мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажеттігі айтылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері ата-аналарды көгалдандыру жұмыстарына белсенді тарту және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жөнінде пікір білдірді.

Тыңдалды:бақша меңгерушісі М.Есимова балалар мен ата-аналардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру және қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу мақсатында «Эко-десант» акциясын ұйымдастыру ұсынылды. Жиналыс барысында экологиялық акция аясында аумақты тазалау, қалдықтарды сұрыптау, табиғатты қорғау туралы танымдық іс-шаралар өткізу жоспарланды. Балаларға табиғатты аялау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу және ата-аналармен бірлескен экологиялық шаралар өткізу қажеттігі айтылды. Тәрбиешілер балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес экологиялық ойындар мен тәрбиелік сағаттар өткізуді ұсынды.

Төртінші мәселе бойынша балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін дамыту және топтардағы кітап бұрыштарын толықтыру мәселесі қаралды.

Тәрбиешілер балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем әдебиеттерді көбейту, ертегі оқу сағаттарын өткізу және ата-аналарды кітап оқу жұмыстарына тарту жөнінде ұсыныстар айтты. Сонымен қатар әр топта заманауи әрі тартымды кітап бұрыштарын ұйымдастыру қажеттігі атап өтілді. Ата-аналар тарапынан балаларға арналған кітаптар сыйлау акциясын өткізу туралы ұсыныс жасалды.

Шешім:

1. Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін және балалардың қатысуымен мерекелік концерт өткізілсін.
2. МДҰ аумағында сенбілік ұйымдастырылсын. Ағаш және гүл көшеттерін отырғызу жұмыстары жүргізілсін. Балалар аландары мен серуендеу аумақтары тазартылып, ретке келтірілсін. «Жасыл табиғат» челленджіне белсенді қатысу қамтамасыз етілсін. Ата-аналар мен еріктілерді көгалдандыру жұмыстарына тарту ұйымдастырылсын.
3. «Эко-десант» экологиялық акциясы ұйымдастырылсын. Іс-шараға тәрбиеленушілер мен ата-аналар белсенді қатыстырылсын. Табиғатты қорғау және экологиялық тәрбие бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Қалдықтарды сұрыптау және аумақты тазалау жұмыстары ұйымдастырылсын.
- 4.МДҰ-да «Кітап оқу» апталығы ұйымдастырылсын. Әр топтағы кітап бұрыштары жаңартылып, толықтырылсын. Балаларға арналған ертегі және көркем әдебиет кітаптарының қоры көбейтілсін. Ата-аналар арасында «Балаға кітап сыйла» акциясы өткізілсін. Балалармен тұрақты түрде кітап оқу сағаттары ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы:

З.А.Мамекова

М.К.Абдуалиева